

Қазақ Ұлттық Аграрлық Университеті

Агробиология және фитосанитария факультеті

Агрономия кафедрасы



Орындаған: Исламов Д.

Аг-401

Тексерген: Досжанова А.



Жоспар:

I. Кіріспе

II. Негізгі бөлім

1. Күріштің шығу тарихы

2. Күріштің Қазақстандағы сорттары

3. Қазақстандағы күріштің ген қоры және ұлттық
коллекциясы

III. Қорытынды

IV. Пайдаланылған әдебиеттер

Кіріспе:

Күріш – ауыл шаруашылығының ежелден келе жатқан мәдениеті және ол дәнділер класына жатады. Жер бетінде өндірілетін күріш егілетін ауданы және өнімділігі бойынша екінші орында. Күріш жер шарындағы адамдардың жартысының азықтық қорегі болып табылады. „КСРО-ның 1986-1990 жылдарға және 2000 жылдарға дейінгі экономикалық және әлеуметтік дамудың негізгі бағыттарында” дән өндірісін өсіру мақсатында ауыл шаруашылығына қойылатын маңызды талаптар қарастырылған.

Негізгі бөлім

Дәнді шаруашылықтың ішінде тұрақты және жоғарғы өнім беретін күріш болып табылады. КСРО-да күріш өсірудің ірі базасы құрылған. Солтүстік Кавказда, Павольжада, Қазақстанда, Орта Азияда, Украинада және Қиыр Шығыста өндірістік күріш себу аудандары анықталды. Күрішті өндіру жағынан Краснодарский алдыңғы орында. Орталық Азияда соңғы жылдары күріш егуді қысқартты, өйткені, біріншіден күрішті өсіру үшін көп су қажет, екіншіден мақта шаруашылығы дами бастады. Күріш шаруашылығының жылдам дамуына біраз факторлар әсер етті. Ең алдымен, күріш тұрғындардың жоғары калориялы диеталық азыққа деген өсуші сұранысын қамсыздандыру керек, күріш жармасының 1 кг 3590 калорияны құрайды, жарманың абсолютті құрғақ жармасының құрамында 88% крахмал, 8% ақуыз, 0,5% май және т.б. бар.

Күріш селекциясында ғылыми әдістемелерді қолдану ХІХ-ғасырдың аяғында, ХХ ғасырдың басында басталды. Күріш өндірісінің және технологиясының өзгеруіне байланысты селекция бағыты да өзгеріп отырады. Әрбір күріш өсіруші елдерде, соның ішінде Қазақстанда да аналитикалық селекция этапынан өтті.





Күріштің Қазақстандағы сорттары

Біздің еліміздің селекционерлері күріштің көптеген жоғары сорттарын шығарды. Ең жақсылары— Дубовский 129, Кубань 3, Краснодарский 424, Узрос 269, Узрос 7-13 сорттары ерте пісетіндігімен және де жоғары өнім беретіндігімен ерекшеленеді. 1 гектардан 50-55 ц өнім алуға болады. 1969 жылы аудандастырылған Донской 63 және Приморский 10 сорттары қазіргі кезде егіс алқаптарының 80%-ін алып жатыр. Оларға көп мөлшерде тыңайтқыш беріліп, агротехникалық шаралары дұрыс жасалса 1 гектардан 60-70 ц өнім алуға болады. Союзный 224, Искатель 991, Кубанец 575, Юбилейный, Украина 1, Украина 3, Кросс 358, Узбекский 4, Донской 402 және т.б. сорттарына сынақ жүргізілуде. Олардың көбісі 1 гектардан 70-75 ц өнім береді.

Қазақстандағы күріштің ген қоры және ұлттық коллекциясы

Күріш әлемде ең кең егілетін дақыл болғандықтан оның таралу ареалы да өте кең. Таралу барысында әртүрі топырақ климат жағдайына суару режиміне бейімделіп, географиялық оқшаулану, табиғи сұрыпталу және селекция нәтижесінде *Oryza sativa* туыстығы жіктеліп, әртүрлі рассалар, түрлер тармақтарына, сорттар мен популяцияларға топталған.



O. sativa (мәдени күріш) түрінің алғашқы 90 генінің рәсімдері, гендер тіркесінің картасы 1963 ж. жарияланды. Қазіргі кезеңде ғалымдардың зерттеу нәтижелері бойынша, мәдени күріштің көптеген қасиеттерінің белгілерін, нышандарын бақылайтын 400-дей гендер анықталды.



Ұлттық күріш коллекциясының құрамы

Ген қоры көздері	Саны
Шығу тегі орталықтарының генетикалық алуан түрлері мен халық селекциясының жергілік сорт популяциясы	584
Қазіргі заманғы жергілікті селекциялы перспективалы сорттар	12
Эксперименттік жолмен алынған генетикалық іздер, мутанттар немесе жаңа туындылар	216
Барлығы	812

Қорытынды

Ғалымдардың зерттеулеріне қарағанда, күріштің дәндері 12°C пен 14°C аралығында жылылықта өніп өсе береді. Күріш дәнінің өсіп жетілуіне өте қолайлы жылылық $27-33^{\circ}\text{C}$, ал жылылық 41°C асқан жағдайда дәннің ұрығы өле бастайды, ал өнген бүршіктері қурап қалады.